

**"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы"
Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1993 жылғы 27 қазан N 3400. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.30. N 340 Заңымен.~ Z980340

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z932900_ жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

1994 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Қазақстан Республикасының заң құжаттарын "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Жекелеген

қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы"

Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес келтірсін;

аталған Заңды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қажетті шешімдер қабылдайтын болсын.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы